

Қазақстан Республикасы Жол қорының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 1 шілде N 623. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.31. N 1381 қаулысымен. ~P981381

"Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 8 маусымдағы Заңына Z980231_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Жол қорының қаражатын қалыптастыру туралы ереже;

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі бекітілсін.

3. "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 ақпандағы N 221 P960221_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 9, 63-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың күші жойылған деп танылсын:

3-тармақта:

екінші абзац "кәсіпорындары" деген сөзден кейін "Алматы қаласы жол қорының қаражатын - қаланың әкімі өзі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац алынып тасталсын;

4-тармақ "әкімдеріне" деген сөзден кейін "Алматы қаласы жол қорының қаражатын пайдалануға жауапкершілік - Алматы қаласының әкіміне" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ төртінші абзацы алынып тасталсын;

аталған қалуының 2-қосымшасында:

1-тармақ "шаруашылық автомобиль жолдары" деген сөздерден кейін "қалалар мен өзге де елді мекендердің көшелері" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1 жаңа тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қалалар мен өзге де елді мекендердің көшелері жергілікті атқарушы органдардың балансында болады.";

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Қалалар мен өзге де елді мекендер көшелерінің ұзындығы ретінде тиісті қалалар мен елді мекендер шекараларының шегіндегі қашықтық алынады.";

4. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы

органдары, сондай-ақ ведомстволары Жол қоры мәселелері бойынша бұрын қабылданған өз актілерін "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 8 маусымдағы Заңына және осы қаулыға сәйкес келтірсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 1 шілдедегі
N 640 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Жол қорының
қаражатын қалыптастыру туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына және "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Жол қорының кірістерін қалыптастырудың көздері мыналар болып табылады:

- 1) автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кіру, шығу және транзитпен жүріп өту ақысы;
- 3) бензиннен және дизель отынынан алынатын алым;

4) ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін ақы;

5) мыналар кіретін өзге түсімдер:

автомобиль жолдарының бөлінген жиегіне сервис және жарнама объектілерін орналастырғаны үшін ақы;

рұқсат етілген салмақ пен көлемнен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүруі үшін ақы;

шетел тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының аумағынан тасымал жасағаны үшін ақы;

Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін жол шаруашылығына келтірілген зиянды өтеудің есебіне өндіріп алынған қаражаттар.

Басқа түсімдердің құрамына енгізілген ақылар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін ставкалар бойынша алынады.

2. Республикалық Жол қорына мыналар есептеледі:

автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының 50 проценті;

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кіру, шығу және транзитпен жүріп өту үшін ақының 100 проценті;

бензин мен дизель отынынан алынатын алымның 100 проценті;

республикалық маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін ақының 100 проценті;

республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бөлінген жиегіне сервис және жарнама объектілерін орналастырғаны үшін ақының 100 проценті.

3. Облыстық жол қорына мыналар есептеледі:

автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының 50 проценті;

жергілікті маңызы бар мемлекеттік ақылы автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін ақының 100 проценті;

жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының бөлінген жиегіне сервис және жарнама объектілерін орналастырғаны үшін ақының 100 проценті.

4. Рұқсат етілген салмақ пен көлемнен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуі үшін ақы, шетел тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының аумағынан тасымалдауды орындағаны үшін ақы, сондай-ақ Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін жол шаруашылығына келтірген зиянды өтеудің есебіне өндіріп алынған қаражаттар автомобиль жолдарының маңызына қарай республикалық және облыстық жол қорларына есептеледі.

5. Заңды және жеке тұлғалар (төлемшілер) республикалық және облыстық жол қорларына төлемдерді жеке төлем тапсырмаларымен, қолма-қол ақшаны енгізуге жеке хабарландырулармен немесе қолма-қол ақшамен жүргізеді.

Жол қорының қаражаты Қазынашылық органдарының тиісті банктік шотында, республикалық Жол қорының ақшасы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің тиісті ағымдағы шотында, облыстық жол қорының қаражаты - автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорындарының тиісті ағымдағы шоттарында жинақталады.

Ағымдағы жылы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын салуға, қайта жаңартуға, жөндеуге және ұстауға, сондай-ақ олардағы құрылыстарға пайдаланылмаған қаражат келесі жылы өзінің мақсатты арналуын сақтайды.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Жол қорына қаражаттарды енгізудің уақытылығына, толықтығына және дұрыстығына бақылау жасайды.

7. Республикалық Жол қорына ақша оның облыстардағы субшоттарынан әр айдың 5, 15 және 25-күндері Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің тиісті банктік шотына аударылады.

8. Бензин мен дизель отынынан алынатын алымның 30 проценті республикалық Жол қорынан облыстық жол қорлары мен Алматы қаласының жол қорына міндетті аударылуға жатады.

9. Заңдарда белгіленген тәртіппен Алматы қаласында тіркелген төлемшілерден республикалық Жол қорына түсетін тиесілі төлемдерді Алматы қаласының жол қорына есептеу осы төлемдерді бөлудің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тетігіне сәйкес жүргізіледі.

10. Жол қорына төлемдер енгізу үшін жауапкершілік:
осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлемдерді тиісті жол қорларына есептеудің дұрыстығы мен төлеудің уақытылығын қамтамасыз етуге;
төлем құжаттарында төлемнің арналуы мен төлеу кезеңін көрсетуге;
тиісті салық органдарының қызметкерлеріне Жол қорына төлемдерді есептеу мен төлеудің дұрыстығын тексеруге рұқсат етуге, олардың талап етуі бойынша қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

өзінің орналасқан жеріндегі салық органына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күніне дейін Жол қорына төлеуге жататын және іс жүзінде енгізілген төлемдер сомаларының есебін белгіленген нысандар бойынша ұсынуға;

банктік реквизиттері өзгерген кезде ол туралы Жол қорына қаражаттардың енгізілуінің толықтығына, дұрыстығына және уақыттылығына бақылауды жүзеге асыратын салық органдарына уақтылы хабарлауға міндетті төлемшілерге жүктеледі.

11. Салық органдары және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің тиісті бөлімшелері:

жазбаша немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Жол қорына төлемдер түсуі тиіс банктік реквизиттер мен банктік шоттарының нөмірлерін хабарлауға;

төлемшілерге төлемдерді Жол қорына есептеудің тәртібі мен енгізу мерзімдерінің өзгергені туралы уақтылы хабарлауға;

Жол қорына түскен төлемдердің бөлек есебін жүргізуге;

он күн сайын Жол қорын құру көздерінің тұрғысында түскен сомалар бойынша жоғары тұрған ұйымдардың алдында есеп беруге;

өздерінің қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде алынған Жол қорының төлемшілері туралы мәліметтерді құпияда сақтауға міндетті.

Салық органдары қаражаттың Жол қорына түсуінің толықтығын қамтамасыз ету мақсатында төлемдердің Жол қорына есептелуінің дұрыстығын бірлесіп тексеру үшін автомобиль жолдарының тиісті қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлерін тарта алады.

12. Банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін орындайтын бақса да ұйымдар:

заңдарда белгіленген бірінші кезекті төлемдерден кейін екінші кезекте төлемшілердің олардың банктік шоттарынан Жол қорына төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырмаларын, сондай-ақ салық органдарының төлемшілерден белгіленген мерзімдерде Жол қорына енгізілмеген сомаларды және оларды уақытында төлемегені үшін өсімдерді өндіріп алуға арналған инкассалық тапсырмаларын (өкімдерін) атқаруға;

төлемшілердің банктік шоттарынан алынатын қаражатты ақшаны есептен шығару жөнінде операция жүргізілген күні республикалық және облыстық жол қорларының банктердегі және жекелеген банк операцияларын жүзеге асырушы басқа да ұйымдардағы тиісті шоттарына есептеуге (аударуға);

күн сайын салық органдарына Жол қоры төлемшілерінен түскен сомалар мен олардың төлем тапсырмалары туралы тізілімдерді, ал автомобиль жолдарының қазыналық кәсіпорындарына - тізілімдердің көшірмелерін ұсынуға;

Жол қорына қаражаттардың енгізілуіне бақылау жасауды жүзеге асыратын органдарға Жол қорына төлемдерге байланысты мәселелер бойынша заңды тұлғалардың шоттарындағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтамалар беруге міндетті.

13. Клиент-төлемшілердің банктік шоттарынан есептен шығарылған сомаларды Жол қорына есептеуді (аударуды) кешіктіргені үшін, төлемдерді Жол қорына есептен шығаруды кешіктіргені үшін, төлемшілерге Жол қорына төлемдерді төлеуге арналған төлем тапсырмаларын (өкімдерін) орындамай негізсіз қайтарғаны үшін, сондай-ақ заңды тұлғалардың банктік шоттарынан төлем сомаларын және санкция сомаларын есептен шығарудың кезектілігін сақтамағаны үшін Жол қорына банктерге және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы басқа да ұйымдарға Жол қорына уақытында төленбеген сомалардың кешіктірілген әрбір күні үшін (төлем күнін қоса алғанда),

осы сомаларды төлеген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,2 еселенген мөлшерінде, өтем өндіріп алу түрінде санкция қолданылады. Төлемшілерден бұл күндер үшін өтем алынбайды.

14. Жол қорына уақтылы төленбеген төлем сомаларын, оның ішінде ағымдағы төлемдерді салық органдары төлемшілердің шоттарынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы сомаларды төлеу күні белгілеген ресми қайта қаржыландыру ставкасының 1, 2 еселенген мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күн үшін (төлем жасау күнін қоса алғанда) өсім есептей отырып алады.

15. Жол қорына есептелген төлем сомасымен немесе салық органдарының өзге де шешімдерімен келіспеген төлемші өз дәлелдерін баяндай отырып және өтініші негізделген құжаттарды көрсете отырып, оны қайта қарау туралы өтініммен осы шешімді шығарған салық органына жүгіне алады. Салық органдары төлемшінің қайта қарау туралы өтінімін қарайды, ол бойынша негізді шешім шығарады және бұл туралы төлемшіге осы өтінім түскен күннен бастап есептегенде 30 күннің ішінде хабарлайды.

Салық органының шешіміне жоғары тұрған салық органында немесе сотта қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен және шарттарда шағым жасалуы мүмкін. Жоғары тұрған салық органы шағымға 30 күннің ішінде жауап бермеген жағдайда өтінім келесі жоғары тұрған органға берілуі мүмкін.

16. Жол қорына артық енгізілген төлем сомаларын салық органдары алдағы төлем жасаудың есебіне есептейді немесе ол қайтарылуға тиіс.

Артық енгізілген төлем сомаларын төлемшілерге қайтару олардан жазбаша өтініш алынған күннен бастап 20 күндік мерзім ішінде жүргізіледі.

Артық енгізілген төлем сомаларын қайтаруға салық органдары қазыналық кәсіпорындарға берген Жол қорына төленетін жарналардың тізілімі мен төлемшінің анықтама-есебі негіз болады.

Жол қорына автомобиль жолдарының қазыналық кәсіпорындары артық енгізген сомалардың қайтарылғаны туралы ақпарат салық органдарына есепті айдан кейінгі айдың 5 күніне дейін ұсынылады.

Артық төленген соманы төлемшілердің өтініші бойынша немесе Жол қорына дұрыс ұсталмаған сомаларды (салық органдарының нұсқауы бойынша) уақтылы қайтармауды автомобиль жолдарының қазынашылық кәсіпорындары әрбір мерзімі өткен күн үшін (төлем жасалған күнді қоса алғанда) осы Ереженің 15-тармағында көзделген мөлшерде өсім төлей отырып жүзеге асырады.

Артық төленген төлем сомаларын төлемшінің өтініші бойынша қайтарудың уақтылы жүргізілмегені үшін төлемшінің пайдасына өсім есептеу оның өтініші түскеннен кейінгі 21-күннен бастап есептеледі. Салық органы дұрыс ұстамаған сома үшін төлемшінің пайдасына өсім есептеу дұрыс ұсталмаған күннен кейінгі

күннен бастап тек төлем сомаларына (оның ішінде ағымдағы) есептеледі. Есептелген өсім сомаларына өсім есептелмейді.

17. Салық органдары Жол қорына есептелген төлем сомаларын салық салынатын кезең өткеннен кейінгі 3 жылдың ішінде есептей немесе қайта қарай алады. Дәл осы кезеңнің ішінде төлемші ақшаны қайтаруды немесе өзінің алдағы төлемдер жөніндегі міндеттемелерінің есебіне есептеуді талап ете алады.

Егер төлемшінің өзі не аудиторлық қызметтің көмегімен Жол қоры туралы заңды бұзғанын анықтаса, ол тиісті төлем және өсім сомаларын заң бұзушылыққа жол берілген сәттен бастап Жол қорына қосымша төлем сомасын енгізген сәтке дейін айқындалған мөлшерде енгізуге, сондай-ақ өзі тұрған жердегі салық органына қосымша есептелген және Жол қорына енгізілген төлемдер мен өсімдердің сомалары туралы хабарлауға міндетті.

2. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары

18. Заңды тұлғалар автомобиль жолдарын пайдаланушылардың Жол қорына ай сайынғы аударымдарын төлемшілер болып табылады.

19. Төлемдерді есептеудің базасы төлемшінің жылдық жиынтық кірісі болып табылады.

20. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары қызмет түріне қарамастан заңды тұлғалардың жиынтық жылдық кірісінің (мемлекеттік бағалы қағаздардан түскен кірістерді қоспағанда) 0,1 проценті ставкасы бойынша төленуге тиіс.

21. "Жылдық жиынтық кіріс" деген термин салық заңдарында айқындалған ұғымда қолданылады.

22. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударым сомаларын төлемшілер салық есебі мен есептілігінің деректері бойынша өз бетінше айқындайды және есепті айдағы жиынтық кіріске сүйене отырып, республикалық және облыстық жол қорларының тиісті шоттарына ай сайын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетімен келісіліп басқа төлем мерзімдері белгіленген жағдайларды қоспағанда, келесі айдың 10 күнінен кешіктірмей төлейді.

Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың сомаларын төлемшілердің аударуы шегерімге жатады.

23. Заңды тұлғалардың филиалдары, өкілдіктері, бөлімшелері және басқа да оқшауланған құрылымдық бөлімшелері үшін автомобиль жолдарын пайдаланушылардың Жол қорына аударымдары өздері орналасқан жерде жүргізіледі.

24. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, меншік нысандарына карамастан, шетелдік және шетел фирмаларымен бірлесіп құрылған заңды тұлғаларды қоса алғандағы заңды тұлғалар, олардың филиалдары, өкілдіктері және оларға теңестірілген ұйымдар салық салынатын кірісті теңгеде белгілейді. Салық салынатын кіріс шетел валютасында көрсетілген жағдайда ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аударым жасау кезіндегі ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

25. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдарын төлеуден мынадай заңды тұлғалар босатылады:

Қазақстан Республикасының Мүгедектер ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Ақыл-ой және дене дамуы бұзылған балалар мен жас өспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығы, Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты ай және Қызыл Крест қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және толығымен солардың қаражаты есебінен құрылған өндірістік ұйымдар, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің қазақ республикалық ұйымы (өндірістік ұйымдарын қоспағанда), сауда-делдалдық қызметтен, акцизделетін тауарларды өндіру мен сатудан түскен кірістерін қоспағанда, Асырауында балалары бар мүгедек әйелдердің "Бибі Ана" республикалық қоғамы;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
коммерциялық емес ұйымдар - кәсіпкерлік қызметті қоспағанда, жарғылық қызметінен;

халықаралық ұйымдар - Үкімет бекіткен тізбе бойынша;
тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жасаумен айналысатын, қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 50 процентін мүгедектер құрайтын өндірістік ұйымдар.

3. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кіру,
шығу және транзитпен жүріп өту үшін ақы төлеу

26. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кіру, шығу және транзитпен жүріп өту үшін ақыны халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар төлейді.

27. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кіру, шығу және транзитпен жүріп өту үшін ақының ставкалары, тәртібі, есептеу мен енгізу шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

28. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кіру, шығу және транзитпен жүріп өту құқығына рұқсаттарды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің кеден органдары береді.

29. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кіру, шығу және транзитпен жүріп өту үшін ақыны жинауды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кеден органдары жүзеге асырады.

30. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кіруге, шығуға және транзитпен жүріп өтуге рұқсат бергені үшін алынған ақша әр айдың 3, 13 және 23 күндері олардың банктік шоттарынан республикалық Жол қорының субшоттарына аударылады.

4. Бензиннен және дизель отынынан алынатын алым

31. Бензиннен және дизель отынынан алынатын алымды төлеушілер: Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин мен дизель отынын оларды өндірушілерден сатып алатын;

Қазақстан Республикасының аумағында бензин мен дизель отынын өндіруге арналған өңдеме шикізатты беретін;

бензин мен дизель отынын Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

Бензин мен дизель отынынан алынатын алым теңгемен төленеді.

32. Бензин мен дизель отыны үшін алынатын алымды: сатып алушыларға оларды босатқан кезде - өндіруші; оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде - кеден қызметі органдары ұстап қалады.

Өңдеме шикізаттан бензин мен дизель отынын өндіру кезінде алымды олар берілген кезде ұсталады.

33. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин мен

дизель отынынан алынатын отын ставкасы 1998 жылғы 10 қарашадан бастап мынадай мөлшерде белгіленеді:

бензин бойынша (авиациялықты қоспағанда) - 1 метрлік тонна үшін 4000 теңге;

дизель отыны бойынша - бір метрлік тонна үшін 1000 теңге.

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын бензин мен дизель отынынан алынатын алым ставкасы 1998 жылғы 10 қарашадан бастап мынадай мөлшерде белгіленеді:

бензин бойынша (авиациялықты қоспағанда) - 1 метрлік тонна үшін 10 000 теңге;

дизель отыны бойынша - бір метрлік тонна үшін 8 000 теңге.

<*>

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.07.24. N 697

қаулысымен.

P980697_

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.11.02. N 1117

қаулысымен.

P981117_

34. Бензин мен дизель отынын өндірушілер және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетінің органдары өздеріне қызмет көрсететін банктерден заңды және жеке тұлғалар төлейтін бензин мен дизель отынынан алынатын алымды есептеу үшін "Тапсырмалар бойынша сомалар" деген пайдалану құқығынсыз банктік шоттар ашады. Аталған шоттардан банктер өз тапсырмалары арқылы ақшаның қалдықтарын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің республикалық Жол қорының субшоттарына аударады.

35. Бензин мен дизель отынын өндірушілер бұл материалдарды жоғарыда аталған шоттарға төленуге тиісті бензин мен дизель отынынан алынатын алым сомалары түскеннен кейін босатады.

36. Импортталатын бензин мен дизель отынын еркін айналым үшін кеден органдары жоғарыда көрсетілген шоттарға бензин мен дизель отынынан алынатын алым сомалары түскеннен кейін шығарады.

37. Бензин мен дизель отынынан алынатын алымның Жол қорына ұсталуы, толықтығы және уақыттылығы үшін жауапкершілік осы материалды өндірушілерге және кеден қызметі органдарына жүктеледі.

Жол қорына алымның уақытында ұсталып қалмаған сомалары өндірушілерге осы сомаларды төлеу күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми қайта қаржыландыру ставкасының 1,2 еселенген мөлшерінде, мерзімі өткен әр күн үшін (төлем жасау күнін қоса алғанда) өсімді есептей отырып төлеттіріледі.

38. Бензин мен дизель отынын өндірушілер және кеден органдары тоқсан

сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 15 күніне дейін аумақтық салық органдарына Жол қорына есептелген және енгізілген алымның төлемшілерге шаққандағы сомалары туралы мәліметтерді ұсынады.

39. Кеден органдары және темір жол бөлімшелері аумақтық кеден органдарына осы аймаққа әкелінетін бензин және дизель отынының көлемі мен осы өнімді әкелуші тұлғалар туралы тоқсанына бір рет ақпарат ұсынады.

5. Мемлекеттік ақылы автомобиль жолдарында жүру ақысы

40. Мемлекеттік ақылы автомобиль жолдарымен жүру ақысын көлік құралдарының жүргізушілері ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарына кіретін кезде төлейді.

41. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мемлекеттік ақылы автомобиль жолдарын енгізу қажет болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақылы автомобиль жолдарымен жүру ақысының ставкалары, оны есептеу мен төлеудің тәртібі мен шарттары жөнінде ұсыныстар енгізеді.

42. Мемлекеттік ақылы автомобиль жолдарымен жүру ақысының Жол қорына дұрыс және уақтылы түсуіне бақылауды Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі жүзеге асырады.

43. Мемлекеттік ақылы автомобиль жолдарымен жүру үшін алынған ақша автомобиль жолдарының маңызына қарай әр айдың 3, 13 және 23 күндері Жол қорының тиісті банктік шоттарына есептеледі.

6. Автомобиль жолдарының бөлінген жиегінде сервис және жарнама объектілерін орналастырғаны үшін ақы төлеу

44. Автомобиль жолдарының бөлінген жиегінде сервис және жарнама объектілерін орналастырғаны үшін ақыны қызмет көрсетулердің сервистік түрін және жарнаманы жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар төлейді.

45. Автомобиль жолдарының бөлінген жиегінде сервис және жарнама объектілерін орналастырғаны үшін ақыны есептеудің тәртібін және оның мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

46. Автомобиль жолдарының бөлінген жиегінде сервис және жарнама объектілерін орналастырғаны үшін ақының Жол қорына дұрыс және уақтылы түсуіне бақылауды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жүзеге асырады.

47. Автомобиль жолдарының бөлінген жиегінде сервис және жарнама

объектілерін орналастырғаны үшін алынған ақша автомобиль жолдарының маңызына қарай әр айдың 3, 13 және 23 күндері Жол қорының тиісті банктік шоттарына есептеледі.

7. Рұқсат етілген салмақ пен көлемнен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүруі үшін ақы төлеу

48. Рұқсат етілген салмақ пен көлемнен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүруі үшін ақыны автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар төлейді.

49. Рұқсат етілген салмақ пен көлемнен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүруі үшін ақының ставкаларын, оны есептеу мен төлеудің тәртібін, шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

50. Рұқсат етілген салмақ пен көлемнен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүру құқығына "арнайы рұқсаттамаларды" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі береді.

51. Рұқсат етілген салмақ пен көлемнен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүруі үшін ақының Жол қорына дұрыс және уақтылы түсуіне бақылауды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жүзеге асырады.

52. Рұқсат етілген салмақ пен көлемнен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүруі үшін алынған ақша әр айдың 3, 13 және 23 күндері осы автомобиль жолдарының маңызына қарай Жол қорының тиісті банктік шоттарына есептеледі.

8. Шетел тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының аумағынан тасымал жасағаны үшін ақы төлеу

53. Шетел тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының аумағынан тасымал жасағаны үшін ақыны Қазақстан Республикасының аумағынан жүк әкетуді жүзеге асыратын шетел көлік құралдарының жүргізушілері төлейді.

54. Шетел тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының аумағынан тасымал жасағаны үшін ақының ставкаларын, оны есептеу мен төлеудің тәртібін, шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

55. Шетел тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының аумағынан тасымалдау құқығына рұқсаттарды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі береді.

56. Шетел тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының аумағынан тасымал жасауға рұқсат бергені үшін ақыны жинауды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жүзеге асырады.

57. Шетел тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының аумағынан тасымал жасауға рұқсат бергені үшін алынған ақша әр айдың 3, 13 және 23 күндері автомобиль жолдарының маңызына қарай Жол қорының тиісті банктік шоттарына есептеледі.

9. Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін жол шаруашылығына келтірілген зиянды өтеудің есебіне алынған қаражат

58. Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін жол шаруашылығына келтірілген зиянды өтеудің есебіне алынған қаражатты төлеушілер осыған кінәлі заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

59. Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану

ережелерін бұзғаны үшін жол шаруашылығына келтірілген зиянды заңды және жеке тұлғалардың өтеуі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

60. Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін жол шаруашылығына келтірілген зиянды заңды және жеке тұлғалардың өтеуінен алынған ақша автомобиль жолдарының маңызына қарай Жол қорының тиісті банктік шоттарына есептеледі және тиісті автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын жөндеу мен қалпына келтіру үшін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 1 шілдедегі
N 623 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының аумағындағы республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының

ТІЗБЕСІ

Жолдардың атауы	Ұзындығы, км
1	2
Самара-Шымкент, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы, Ақтөбе қаласына кіреді	2065
Екатеринбург-Алматы, Қостанай, Қарағанды, Балқаш қалалары арқылы, Қостанайға Қарағандыға және Астанаға кіреді	2115
Омбы-Майқапшағай, Павлодар, Семей қалалары арқылы	1105
Алматы-Қордай-Благовещенка-Мерке-Тараз-Шымкент-Ташкент-Термез	888
Челябі-Новосібір, Петропавл, Омбы қалалары арқылы	220
Ақтөбе-Атырау-Астрахань	912
Мамлютка-Қостанай	398
Жезқазған-Петропавл, Арқалық қаласы арқылы	948
Астана-Петропавл, Көкшетау қаласы арқылы	470
Қызылорда-Павлодар, Жезқазған, Қарағанды қалалары арқылы	1353
Семей-Новоалтай	113
Алматы-Өскемен	1095
Сарыөзек-Хоргос	246
Таскескен-Бақты	190
Атырау-Орал	495

Қарабұтақ-Комсомол-Денисовка-Рудный-Қостанай	547
Доссор-Құлсары-Бейнеу-Сай-Өтес-Шетпе-Жетібай-Ақтау	781
Қарағанды-Аягөз	687
Мерке-Бөрібайтал	273
Алматы-Көкпек-Шонжы-Көктал, Шонжы селосына кіреді	305
Үшарал-Достық	184
Астана-Ерейментау-Шідерті	252
Көкпек-Кеген-Түп	115
Көкшетау-Рузаевка	196
Ақшатау-Ағадыр-Ортау-"Қызылорда-Павлодар" мемжолы	195
Қостанай-Әуликөл-Сурган	257
Бузулук-Есіл-Жақсы	82
Семей-Қайнар	284
Бурабай курорт аймағының жолдары	66
Жетібай-Жаңа Өзен-Фетисово-Түркменстан	237
Республикасының шекарасы, Бегдаш қаласына шығады	
Астана қаласының әуежайына кірме	17
Астана қаласын Шығыстан айналып өту	8
Астана қаласын Солтүстік айналып өту	14
"Алматы-Көктал" мемжолы - Байсерке-Междуреченск-	52
"Екатеринбург-Алматы" мемжолы	

Қапшағай-Күрті	67
Ақсай-Шонжы-Қалжат-Қытай Халық Республикасының шекарасы	160
Ақтөбе-Мартук-Ресей Федерациясының шекарасы, Орынбор қаласына шығады	102
Ақтөбе-Ресей Федерациясының шекарасы, Ор қаласына шығады	135
Тараз қаласынан айналып өту	28
Тараз-Үтмек-Қырғызстан Республикасының шекарасы	14
Бейнеу-Ақжігіт-Өзбектан Республикасының шекарасы	80
Қарағанды қаласының әуежайына кірме	12
Өскемен-Лениногор-Ресей Федерациясының шекарасы	167
Өскемен-Шемонаиха-Ресей Федерациясының шекарасы	120
Петропавл-Соколовка-Ресей Федерациясының шекарасы, Есіл қаласына шығады	62
Көкшетау-Кішкенекөл-Бидайықты-Ресей Федерациясының шекарасы, Омбы қаласына шығады	274
Көкшетау қаласын айналып өту	18
Павлодар-Успенка-Ресей Федерациясының шекарасы	152
Павлодар-Шарбақты-Ресей Федерациясының шекарасы	112
Орал-Каменка-Ресей Федерациясының шекарасы, Озинки қаласына шығады	100

Подстепное-Федоровка-Ресей Федерациясының шекарасы, | 144
Илек қаласына шығады |

Барлығы | 18912

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК